

2022 ж. «29» қарашадағы
№ 217-к бұйрыққа
№ 5 қосымша

Приложение № 5
к приказу № 217-к
от «29» ноября 2022 г.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ «ҚАЗҚАЙТАЖАҢАРТУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫННЫҢ ЖӘНЕ
ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ**

**АНТИКОРРУПЦИОННЫЙ СТАНДАРТ
РЕСПУБЛИКАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЕ «КАЗРЕСТАВРАЦИЯ» КОМИТЕТА КУЛЬТУРЫ
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И СПОРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ФИЛИАЛОВ**

Алматы қаласы/ город Алматы
2022 ж/г.

1. Осы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазқайтажаңарту» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының және Филиалдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі-«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт») «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазқайтажаңарту» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі-«Кәсіпорын») және Түркістан филиалының, Тараз филиалының, Қызылорда филиалының, Батыс-Қазақстан филиалының, Ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының (бұдан әрі-«Филиалдар») тыйым салу жүйесін, қызметінің мынадай салаларындағы шектеулер мен рұқсаттар білдіреді:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау;

4) тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде жүзеге асырылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты және Кәсіпорын мен Филиалдардың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) Кәсіпорын мен Филиалдар қызметкерлерінің өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болғызбау;

1. Настоящий Антикрупционный стандарт Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Казреставрация» Комитета культуры Министерства Культуры и спорта Республики Казахстан и Филиалов (далее-« Антикрупционный стандарт») разработан в соответствии с пунктом 2 статьи 10 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции» и представляет собой систему запретов, ограничений и дозволений в следующих сферах деятельности Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Казреставрация» Комитета культуры Министерства Культуры и спорта Республики Казахстан (далее-«Предприятие») и Туркестанского филиала Предприятия, Таразского филиала Предприятия, Кызылординского филиала Предприятия, Западно-Казахстанского филиала Предприятия, Научно-исследовательского и проектного филиала Предприятия (далее-«Филиалы»):

1) реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц в сфере, затрагиваемой Антикрупционным стандартом;

2) подготовке и принятии управленческих и иных решений в пределах своей компетенции;

3) подготовке проектов нормативных правовых актов;

4) при иных взаимоотношениях, возникающих в зависимости от специфики сферы жизнедеятельности.

2. Целью Антикрупционного стандарта является недопущение коррупционных проявлений, повышение правовой грамотности и нулевой терпимости к проявлениям коррупции в деятельности Предприятия и Филиалов.

3. Задачи Антикрупционного стандарта:

1) формирование устойчивого антикрупционного поведения и ответственности работников Предприятия и Филиалов при осуществлении ими своих прав и обязанностей;

2) своевременное выявление коррупционных проявлений и предотвращение их негативных

3) Кәсіпорын мен Филиалдар қызметінің тиімділігін арттыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) транспаренттілік;
- 3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жеке және заңды тұлғалардың функцияларын жүзеге асыру және құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде Кәсіпорын мен Филиалдардың қызметінде қолданылады;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Кәсіпорын мен Филиалдардың барлық қызметкерлері үшін міндетті;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолданғаны және орындағаны үшін Кәсіпорын мен Филиалдардың қызметкерлері дербес жауапты болады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзгерту «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізіледі.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Кәсіпорын мен Филиалдар қызметкерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және қызмет саласына байланысты сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

8. Кәсіпорын мен Филиалдар қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылауды Кәсіпорынның құқықтық және кадрлық жұмыс бөлімі жүзеге асырады.

1) Құқықтық және кадр жұмысы бөлімінің бастығы есепті тоқсан сайын айдың 10-күніне дейінгі мерзімде Кәсіпорынның бас директорына осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуы туралы есеп береді.

2) Филиалдардың жауапты тұлғалары есепті тоқсан сайын айдың 5-күніне дейінгі мерзімде Кәсіпорынның Құқықтық және кадр жұмысы бөлімінің бастығына осы Сыбайлас

последствий;

3) повышение эффективности деятельности Предприятие и Филиалов.

4. Принципы Антикоррупционного стандарта:

- 1) законность;
- 2) транспарентность;
- 3) этичность;

4) соблюдение прав и законных интересов физических и юридических лиц и их защита от коррупционных проявлений;

5) недопущение конфликта интересов.

5. Применение и исполнение Антикоррупционного стандарта:

1) Антикоррупционный стандарт применяется в деятельности Предприятие и Филиалов при осуществлении функций и реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц;

2) Антикоррупционный стандарт обязателен для исполнения всеми работниками Предприятие и Филиалов;

3) За применение и исполнение Антикоррупционного стандарта персональную ответственность несут работники Предприятие и Филиалов.

6. Изменение Антикоррупционного стандарта производится в соответствии с пунктом 2 статьи 10 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции».

7. Антикоррупционный стандарт определяет действия и решения работников Предприятие и Филиалов, направленные на неукоснительное соблюдение установленных правил и предотвращение коррупционных проявлений в зависимости от сферы деятельности.

8. Контроль за соблюдением работниками Предприятие и Филиалов Антикоррупционного стандарта осуществляется отделом правовой и кадровой работы Предприятие.

1) Начальник отдела правовой и кадровой работы на ежеквартальной основе в срок до 10 числа месяца, следующего за отчетным, представляет Генеральному директору Предприятие отчет о соблюдении настоящего Антикоррупционного стандарта.

2) Ответственные лица Филиалов на ежеквартальной основе в срок до 5 числа месяца, следующего за отчетным, представляют Начальнику отдела правовой

жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуы туралы есеп береді.

3) қажет болған жағдайда Кәсіпорынның бас директоры сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуы туралы ақпаратты өзге мерзімдерде сұрата алады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші: Кәсіпорынның құқықтық және кадрлық жұмыс бөлімі.

10. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру.

10.1 Тыйымдар, шектеулер мен рұқсаттар:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтауға және тыйым салу;

4) өзінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде өз міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, көрсетілетін қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеуге, олар туындаған кезде заңнамаға сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қолдануға;

6) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын қатаң сақтауға міндетті;

7) мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қатаң сақтауға міндетті;

8) лауазымдық міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен бостандықтарды сақтауға міндетті;

9) белгілі бір міндеттердің орындалуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сәйкессіздік анықталған жағдайларда осы актілерге өзгерістер енгізуге дереу

и кадровой работы Предприятие отчет о соблюдении настоящего Антикоррупционного стандарта.

3) в случае необходимости Генеральный директор Предприятие может запросить информацию о соблюдении Антикоррупционного стандарта в иные сроки.

9. Разработчик Антикоррупционного стандарта: Отдел правовой и кадровой работы Предприятие.

10. Реализация прав и законных интересов физических и юридических лиц.

10.1 Запреты, ограничения и дозволения:

1) обеспечить соблюдение и защиту прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц, рассматривать в порядке и сроки, установленные законодательством, обращения физических и юридических лиц, принимать по ним необходимые меры;

2) обеспечить прозрачность принятия решений, затрагивающих права и законные интересы физических и юридических лиц;

3) соблюдать установленные законами Республики Казахстан ограничения и запреты;

4) при осуществлении своих должностных обязанностей не принимать никаких материальных благ, услуг и иных привилегий, связанных с выполнением своих обязанностей;

5) не допускать конфликта интересов, при их возникновении принять меры по их устранению в соответствии с законодательством;

6) при проведении внутреннего анализа коррупционных рисков строго соблюдать требования антикоррупционного законодательства;

7) строго соблюдать законодательство о государственных закупках;

8) повышать свой профессиональный уровень и квалификацию для эффективного исполнения должностных обязанностей, соблюдать установленные законами Республики Казахстан ограничения и свободы;

9) в случаях установления несоответствия в нормативных правовых актах, регулирующих выполнение определенных обязанностей, незамедлительно

бастамашылық жасауға құқылы;

10) шешімдер дайындау және қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз артықшылық бермеуге;

11) жеке және заңды тұлғалардың заңнамада көзделген ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге, дұрыс және толық ақпарат беруге;

12) лауазымдық мүдделердің жеке мүдделерден басымдығын тануға;

13) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, оның кез келген көріністеріне төзбеушілікке жол бермеуге міндетті.

11. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде.

11.1 Тыйымдар, шектеулер мен рұқсаттар:

1) мүдделер қақтығысына жол бермеуге, олар туындаған кезде заңнамаға сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қолдануға;

2) өздеріне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыруға;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған кезде заңдылық қағидаттарын басшылыққа алуға, өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында ұсынымдар әзірлеу үшін лауазымдық жағдайын пайдаланбауға;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін объективті қарауға, тек қана заңнамаға сәйкес ұсынымдар әзірлеуге;

5) Кәсіпорын және Филиал қызметкерінің құзыретіне кіретін шешімдерді қабылдау кезінде өзінің заңды міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, көрсетілетін қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;

б) қабылданған шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету:

А) бюджет қаражатын жұмсауды жүзеге асыру;

Б) ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету;

инициировать внесение изменений в данные акты;

10) не оказывать неправомерное предпочтение физическим и юридическим лицам при подготовке и принятии решений;

11) обеспечить доступ физических и юридических лиц к информации, предоставление которой предусмотрено законодательством, передавать достоверную и полную информацию;

12) признавать приоритет должностных интересов над личными;

13) не допускать совершения коррупционных правонарушений, противостоять коррупции, быть нетерпимыми к любым ее проявлениям.

11. При подготовке и принятии управленческих и иных решений в пределах своей компетенции.

11.1 Запреты, ограничения и дозволения:

1) не допускать конфликта интересов, при их возникновении принять меры по их устранению в соответствии с законодательством;

2) осуществлять полномочия в пределах предоставленных им прав и в соответствии с должностными обязанностями;

3) при выявлении причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, руководствоваться принципами законности, не использовать должностное положение для выработки рекомендаций с целью извлечения выгоды для себя или третьих лиц;

4) при проведении внутреннего анализа коррупционных рисков, рассматривать коррупционные риски объективно, вырабатывать рекомендации исключительно в соответствии с законодательством;

5) при принятии решений, входящих в компетенцию работника Предприятие и Филиала не принимать никаких материальных благ, услуг и иных привилегий, связанных с выполнением своих законных обязанностей;

б) обеспечить законность и справедливость принимаемых решений при:

А) осуществлении расходования бюджетных средств;

Б) обеспечении сохранности денежных средств и материальных ценностей;

В) материалдық қорлар мен негізгі құралдарды беру және есептен шығару, сондай-ақ оларды есепке алу және сақтау жөніндегі бастапқы құжаттарды (жүкқұжаттарды) ресімдеу;

Г) Кәсіпорынның және/немесе Филиалдардың активтерін басқару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

Д) Кәсіпорын мен Филиалдардың сатып алу жоспарына өзгерістер мен толықтырулар жасау, енгізу;

7) бақылау іс-шараларын және шешім шығаруды көздейтін өзге де іс-қимылдарды жүргізу кезінде мәселелерді объективті қарауға, тек қана заңнамаға сәйкес шешімдер қабылдауға;

8) Кәсіпорын мен Филиалдарда Әдеп кодексін, оның ішінде ішкі құжаттарды қатаң сақтауға міндетті;

9) өзінің мінез-құлқымен жоғары адалдықтың, сатылмаушылықтың, тектіліктің, бейтараптылықтың, риясыздықтың үлгісі болуға тиіс;

10) ешкімнің мүдделеріне үстемдік жасамау;

11) меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге, туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге, заңда көзделмеген артықшылықтарды (протекционизм, отбасылық) бермеуге, конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде жеке қатынастар қызмет бабында ілгерілеу, көтермелеу немесе жазалау, кадрлық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін негізгі болып табылмауға тиіс.

12. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде.

12.1 Тыйымдар, шектеулер мен рұқсаттар:

1) Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбауға міндетті.

13. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде Кәсіпорын мен Филиалдарға ұсынылады:

1) тағайындауға арналған материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақтауға;

2) Кәсіпорынға және/немесе Филиалға жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды адамдарға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіруге

В) оформлении первичных документов (накладных) по передаче и списанию материальных запасов и основных средств, а также их учете и хранении;

Г) организации работ по управлению активами Предприятие и/или Филиалов;

Д) составлении, внесении изменений и дополнений в план закупок Предприятие и Филиалов;

7) при проведении контрольных мероприятий и иных действий, подразумевающих вынесение решения, рассматривать вопросы объективно, принимать решения исключительно в соответствии с законодательством;

8) строго соблюдать Кодекс этики в Предприятии и Филиалах, в том числе внутренние документы;

9) своим поведением служить примером высокой порядочности, честности, неподкупности, благородности, беспристрастности, бескорыстия;

10) не лоббировать чьи-либо интересы;

11) обеспечивать соблюдение принципов меритократии, не допускать случаев подбора и расстановки кадров по признакам родства, землячества и личной преданности, не предоставлять не предусмотренные законом преимущества (протекционизм, семейственность), при проведении конкурсных процедур личные отношения не должны являться основной для продвижения по службе, поощрения или наказания, решения кадровых и социальных вопросов.

12. При подготовке проектов нормативных правовых актов.

12.1 Запреты, ограничения и дозволения:

1) не использовать в нормативных правовых актах нормы, содержащие коррупционные факторы или их признаки.

13. При организации кадровой работы по подбору и расстановке сотрудников/работников Предприятие и Филиалов рекомендуется:

1) соблюдать установленные сроки рассмотрения материалов на назначения;

2) при приеме на работу в Предприятие и/или Филиал разъяснять основные обязанности, запреты и ограничение, возлагаемые на должностных лиц;

міндетті;

3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті;

4) қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеуге;

5) жұмысқа қабылданған кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;

6) Кәсіпорын мен Филиалдардың қызметкерлеріне қатысты қызметтік тергеп-тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізуге міндетті.

14. Өмір саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын басқа қатынастармен.

13.1 Тыйымдар, шектеулер мен рұқсаттар:

1) мемлекет мүдделеріне нұқсан келтіретін, Кәсіпорынның және/немесе Филиалдардың жұмыс істеу тиімділігін тежейтін немесе төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

2) қызметтерді, жұмыстарды, тауарларды берушіні айқындау жөнінде шешім қабылдау кезінде лауазымдық жағдайды пайдаланбауға;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын ақпаратты пайдаланбауға;

4) өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде іскерлік этикетті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға міндетті;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге міндетті.

3) соблюдать требования законодательства Республики Казахстан при отборе кадров;

4) не допускать необоснованной передачи сведений о персональных данных работников;

5) не требовать от кандидатов на работу документы, не имеющие отношения для заключения трудового договора;

6) объективно и всесторонне проводить служебные расследования в отношении работников Предприятие и Филиалов.

14. При иных взаимоотношениях, возникающих в зависимости от специфики сферы жизнедеятельности.

13.1 Запреты, ограничения и дозволения:

1) противостоять действиям, наносящим ущерб интересам государства, препятствующим или снижающим эффективность функционирования Предприятие и/или Филиалов;

2) не использовать должностное положение при принятии решения по определению поставщика услуг, работ, товаров;

3) не использовать информацию, не подлежащую официальному распространению, в целях получения или извлечения имущественных и неимущественных благ и преимуществ;

4) при выполнении своих должностных обязанностей соблюдать деловой этикет и правила официального поведения;

5) не допускать совершение проступков и иных правонарушений, за которые законами Республики Казахстан предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность.